

"Үшінші елдермен кедендік ақпарат алмасу мақсатында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің арасында электрондық ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыруды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 18 желтоқсандағы № 208 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімін басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған:

"Үшінші елдермен кедендік ақпарат алмасу мақсатында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің арасында электрондық ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыруды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары;

"Үшінші елдермен кедендік ақпарат алмасу мақсатында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің арасында электрондық ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыруды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Үшінші елдермен кедендік ақпарат алмасу мақсатында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің арасында электрондық ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыруды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы;

"Үшінші елдермен кедендік ақпарат алмасу мақсатында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің арасында электрондық ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыруды қамтамасыз ету" жалпы процесіне қосылу тәртібі бекітілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2018 жылғы 18 желтоқсандағы
№ 208 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

"Үшінші елдермен кедендік ақпарат алмасу мақсатында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің арасында электрондық ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыруды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл ҚАҒИДАЛАРЫ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығын құрайтын мынадай актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректерді электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ортақ процестер тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде Жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы №63 шешімі;

кедендік ақпаратпен алмасу мақсатында Одаққа мүше мемлекеттердің арасындағы электрондық ақпараттық өзара іс-қимылды көздейтін үшінші мемлекеттермен, олардың интеграциялық бірлестіктерімен және халықаралық ұйымдармен жасалған халықаралық шарттар (бұдан әрі тиісінше – мүше мемлекеттер, үшінші тараппен жасалған халықаралық шарттар).

II. Қолданылу саласы

2. Осы Қағидалар осы жалпы процестің шеңберінде орындалатын рәсімдердің сипаттамасын қоса алғанда, "Үшінші елдермен кедендік ақпарат алмасу мақсатында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің арасында электрондық ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыруды қамтамасыз ету" жалпы процесіне (бұдан әрі – жалпы процесс) қатысушылардың арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылдың тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында әзірленді.

3. Осы Қағидаларды жалпы процесс шеңберіндегі рәсімдер мен операцияларды орындау тәртібін бақылау үшін, сондай-ақ жалпы процестің іске асырылуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің компоненттерін жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде жалпы процеске қатысушылар қолданады.

Жалпы процесті іске асыру Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі – интеграцияланған ақпараттық жүйе) ұлттық сегменттерінің және сыртқы жүйелермен, оның ішінде үшінші елдердің және (немесе) олардың интеграциялық бірлестіктерінің ақпараттық жүйелерімен өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін Комиссиясының интеграциялық сегментінің көрсетілген жүйесі компоненттерінің шеңберінде жүзеге асырылады.

III. Негізгі ұғымдар

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін төмендегілерді білдіретін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

"үшінші тарап" – Одақтың мүшесі болып табылмайтын мемлекет немесе мүше мемлекеттермен кедендік ақпаратпен алмасуды көздейтін Одақтың халықаралық шартының тараптары болып табылатын осындай мемлекеттердің халықаралық интеграциялық бірлестігі;

"орталық кеден органы" – мүше мемлекеттің кеден ісі саласындағы уәкілетті мемлекеттік органы.

5. "Жалпы процестің ақпараттық объектісінің жай-күйі" деген ұғым жалпы процесс рәсімін орындаудың белгілі бір кезеңінде ақпараттық объектіні сипаттайтын және жалпы процесс операцияларын орындау кезінде өзгертін қасиетті білдіреді.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "жалпы процесс рәсімдерінің тобы", "жалпы процестің ақпараттық объектісі", "жалпы процесс рәсімі" және "жалпы процеске қатысушы" деген ұғымдар Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 9 маусымдағы №63 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесінде айқындалған мәндерде қолданылады.

IV. Жалпы процесс туралы негізгі мәліметтер

6. Жалпы процестің толық атауы: "Үшінші елдермен кедендік ақпарат алмасу мақсатында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің электрондық ақпараттық өзара іс-қимылын іске асыруды қамтамасыз ету".

7. Жалпы процестің кодтық белгіленуі: Р.ЕЕ.02, 1.0.0. нұсқасы.

1. Жалпы процестің мақсаты мен міндеттері

8. Жалпы процесті іске асырудың мақсаты кедендік операциялар жасауды оңайлату, тауарлар шығаруды жеделдету және Одақтың құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілерде айқындалған және (немесе) мүше мемлекеттердің кедендік реттеу туралы заңнамасында белгіленген нормаларды бұзушылықтардың алдын алу болып табылады.

9. Көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу талап етіледі:

а) интеграцияланған ақпараттық жүйенің және сыртқы жүйелермен өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін Комиссияның интеграциялық сегменті компоненттерінің арасындағы учаскеде мүше мемлекеттердің аумағынан үшінші елдің аумағына әкетілетін және үшінші елдің аумағынан мүше мемлекеттердің аумағына әкетілетін тауарларға қатысты кедендік ақпаратпен электрондық алмасуды қамтамасыз ету;

б) кедендік ақпаратпен электрондық алмасу шеңберінде мүше мемлекеттің орталық кеден органының мынадай ақпаратты:

кедендік ақпараттың деректер қорынан мәліметтерді;

кедендік ақпараттың деректер қорынан бұған дейін ұсынылған мәліметтердің өзгерістері туралы ақпаратты;

кедендік ақпараттың деректер қорынан бұған дейін ұсынылған мәліметтердің күші жойылғаны туралы ақпаратты беруін (алуын) қамтамасыз ету.

2. Жалпы процеске қатысушылар

10. Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі

| Кодтық белгіленуі | Атауы | Сипаттамасы |
|-------------------|-------|---|
| 1 | 2 | 3 |
| | | мыналарды: тауарларға арналған декларациялардың электрондық көшірмелерінің деректер қорынан мәліметтерді (бұдан әрі – |

| | | |
|-----------------|------------------------|---|
| P.EE.02.ACT.001 | жөнелтуші кеден органы | тауарларға арналған декларациялардан мәліметтер); бұған дейін ұсынылған тауарларға арналған декларациялардың мәліметтеріне өзгерістерді; бұған дейін ұсынылған тауарларға арналған декларациялардан мәліметтердің күшін жоюды қалыптастыратын және Комиссияның интеграциялық сегментіне ұсынуды жүзеге асыратын орталық кеден органы |
| P.EE.02.ACT.002 | алушы кеден органы | үшінші тараптан: тауарларға арналған декларациялардан мәліметтерді; бұған дейін ұсынылған тауарларға арналған декларациялардың мәліметтеріне өзгерістерді; бұған дейін ұсынылған тауарларға арналған декларациялардан мәліметтердің күшін жоюды Комиссияның интеграциялық сегментінен алуды жүзеге асыратын орталық кеден органы |
| P.ACT.001 | үйлестіруші | Еуразиялық экономикалық комиссия ақпараттық өзара іс-қимылды үйлестіреді және: тауарларға арналған декларациялардан мәліметтерді; бұған дейін ұсынылған тауарларға арналған декларациялардың мәліметтеріне өзгерістерді; бұған дейін ұсынылған тауарларға арналған декларациялардан мәліметтердің күшін жоюды жөнелтуші кеден органынан алуды және үшінші тараптың орталық кеден органына жіберуді тауарларға арналған декларациялардан мәліметтерді; бұған дейін ұсынылған тауарларға арналған декларациялардың мәліметтеріне өзгерістерді; бұған дейін ұсынылған тауарларға арналған декларациялардан мәліметтердің күшін жоюды үшінші тараптың орталық кеден органынан алуды және алушы кеден органына жіберуді қамтамасыз ететін Комиссияның интеграциялық сегментінің кідіріссіз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. |

3. Жалпы процестің құрылымы

11. Жалпы процесс өздерінің тағайындалуы бойынша топтастырылған мынадай рәсімдердің жиынтығын білдіреді:

- а) тауарларға арналған декларациялардан мәліметтер ұсыну рәсімдері;
- б) тауарларға арналған декларациялардан мәліметтер алу рәсімдері.

12. Тауарларға арналған декларациялардан мәліметтер ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерін орындау кезінде алушы кеден органы:

экспорт кедендік рәсіміне орналастырылған, үшінші ел межелі елі болып табылатын тауарлар туралы мәліметтерді қамтитын тауарларға арналған декларацияларды қалыптастыруды және одан алынған мәліметтерді Комиссияның интеграциялық сегментіне жіберуді, Комиссияның интеграциялық сегментінен келіп түсетін тауарларға арналған декларациялардан мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны қабылдап алуды және өңдеуді;

бұған дейін Комиссияның интеграциялық сегментіне ұсынылған тауарларға арналған декларациялардың өзгертілген мәліметтерін қалыптастыруды және Комиссияның интеграциялық сегментіне жіберуді, Комиссияның интеграциялық сегментінен келіп түсетін тауарларға арналған декларациялардан өзгертілген мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны қабылдап алуды және өңдеуді;

бұған дейін Комиссияның интеграциялық сегментіне ұсынылған тауарларға арналған декларациялар мәліметтерінің күшін жою туралы ақпаратты қалыптастыруды және Комиссияның интеграциялық сегментіне жіберуді, тауарларға арналған декларациялар мәліметтерінің күшін жою туралы ақпаратты өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны қабылдап алуды және өңдеуді жүзеге асырады.

Тауарларға арналған декларациялардан мәліметтерді, соның ішінде тауарларға арналған декларациялардың өзгертілген мәліметтерін және тауарларға арналған декларациялар мәліметтерінің күшін жою туралы ақпаратты ұсыну Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 18 желтоқсандағы № 208 шешімімен бекітілген "Үшінші елдермен кедендік ақпарат алмасу мақсатында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің электрондық ақпараттық өзара іс-қимылын іске асыруды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезіндегі кеден органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Кеден органдары мен Комиссияның арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады.

Ұсынылатын мәліметтердің форматы және құрылымы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 18 желтоқсандағы № 208 шешімімен бекітілген "Үшінші елдермен кедендік ақпарат алмасу мақсатында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің электрондық ақпараттық өзара іс-қимылын іске асыруды


қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы) сәйкес келуге тиіс.

13. Тауарларға арналған декларациялардың мәліметтерін алу рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерін орындау кезінде алушы кеден органы үшінші елден Комиссияның интеграциялық сегментіне келіп түсетін, орталық кеден органы көрсетілген мәліметтерді алушы болатын, мүше мемлекет межелі елі болып табылатын, үшінші елде экспорт кедендік рәсіміне орналастырылған тауарлар туралы мәліметтерді қамтитын тауарларға арналған декларациялардан мәліметтерді қабылдап алуды және өңдеуді жүзеге асырады.

Тауарларға арналған декларациялардан мәліметтер алу Кеден органдары мен Комиссияның арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес жүзеге асырылады.

Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс.

14. Жалпы процесс құрылымының келірілген сипаттамасы 1-суретте көрсетілген.



1-сурет. Жалпы процесің құрылымы

15. Операциялардың егжей-тегжейленген сипаттамасын қоса алғанда, өз тағайындалуы бойынша топтастырылған жалпы процесс рәсімдерін орындау тәртібі осы Қағидалардың VIII бөлімінде келтірілген.

16. Рәсімдердің әрбір тобы үшін жалпы процесс рәсімдерінің арасындағы байланысты және оларды орындау тәртібін көрсететін жалпы схема келтіріледі. Рәсімдердің жалпы схемасы UML (біріздендірілген модельдеу тілі – Unified Modeling Language) графикалық нотациясы пайдаланыла отырып құрылған және мәтіндік сипаттамамен жабдықталған.

4. Тауарларға арналған декларациялардан мәліметтер ұсыну рәсімдері тобы


17. Берілетін мәліметтердің түріне қарай тауарларға арналған декларациялардан мәліметтер ұсыну рәсімдері тобына енгізілген жалпы процестің мынадай рәсімдері орындалады:

"Тауарларға арналған декларациялардың электрондық көшірмелерінің деректер қорынан мәліметтер ұсыну" (P.EE.02.PRC.001);

"Тауарларға арналған декларациялардың электрондық көшірмелерінің деректер қорынан бұған дейін ұсынылған мәліметтерге өзгерістер енгізу" (P.EE.02.PRC.002);

"Тауарларға арналған декларациялардың электрондық көшірмелерінің деректер қорынан бұған дейін ұсынылған мәліметтердің күшін жою" (P.EE.02.PRC.003).

18. Тауарларға арналған декларациялардан мәліметтер ұсыну рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 2-суретте көрсетілген.



2-сурет. Тауарларға арналған декларациялардан мәліметтер ұсыну рәсімдері тобының жалпы схемасы

19. Тауарларға арналған декларациялардан мәліметтер ұсыну рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 2-кестеде келтірілген.

2-кесте

Тауарларға арналған декларациялардан мәліметтер алу рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

| Кодтық белгіленуі | Атауы | Сипаттамасы |
|-------------------|--|---|
| 1 | 2 | 3 |
| P.EE.02.PRC.001 | Тауарларға арналған декларациялар электрондық көшірмелерінің деректер қорынан мәліметтер ұсыну | экспорт кедендік рәсіміне орналастырылған, үшінші ел межелі елі болып табылатын тауарларға арналған декларациялар электрондық көшірмелерінің деректер қорынан мәліметтер ұсынуға арналған |
| P.EE.02.PRC.002 | Тауарларға арналған декларациялар электрондық көшірмелерінің деректер қорынан бұған дейін ұсынылған мәліметтерге өзгерістер енгізу | экспорт кедендік рәсіміне орналастырылған, үшінші ел межелі елі болып табылатын тауарларға арналған декларациялар электрондық көшірмелерінің деректер қорынан өзгертілген мәліметтер ұсынуға арналған |
| P.EE.02.PRC.003 | Тауарларға арналған декларациялар электрондық көшірмелерінің деректер қорынан бұған дейін ұсынылған мәліметтердің күшін жою | экспорт кедендік рәсіміне орналастырылған, үшінші ел межелі елі болып табылатын тауарларға арналған декларациялар электрондық көшірмелерінің деректер қорындағы мәліметтердің күшін жою туралы ақпарат ұсынуға арналған |

5. Тауарларға арналған декларациялардан мәліметтер алу рәсімдері тобы

20. Тауарларға арналған декларациялар электрондық көшірмелерінің деректер қорынан мәліметтер алу рәсімдері үшінші елдің орталық кеден органынан Комиссияның интеграциялық сегментіне көрсетілген мәліметтер келіп түскен кезде орындалады.


Мәліметтердің түріне қарай тауарларға арналған декларациялар электрондық көшірмелерінің деректер қорынан мәліметтер алу рәсімдері тобына енгізілген жалпы процестің мынадай рәсімдері орындалады:

"Тауарларға арналған декларациялардың электрондық көшірмелерінің деректер қорынан мәліметтер алу" (P.EE.02.PRC.004);

"Тауарларға арналған декларациялардың электрондық көшірмелерінің деректер қорынан бұған дейін ұсынылған мәліметтерге өзгерістерді алу" (P.EE.02.PRC.005);

"Тауарларға арналған декларациялардағы мәліметтердің күшін жою туралы ақпарат алу" (P.EE.02.PRC.006).

21. Тауарларға арналған декларациялардан мәліметтер алу рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 3-суретте көрсетілген.



3-сурет. Тауарларға арналған декларациялардан мәліметтер алу рәсімдері тобының жалпы схемасы

22. Тауарларға арналған декларациялардан мәліметтер алу рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

Тауарларға арналған декларациялардан мәліметтер алу рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

| Кодтық белгіленуі | Атауы | Сипаттамасы |
|-------------------|--|--|
| 1 | 2 | 3 |
| P.EE.02.PRC.004 | Тауарларға арналған декларациялар электрондық көшірмелерінің деректер қорынан мәліметтер алу | алушы кеден органының тауарларға арналған декларациялар электрондық көшірмелерінің деректер қорынан мәліметтер алуына арналған |
| | | алушы кеден органының тауарларға арналған |

| | | |
|-----------------|---|--|
| P.EE.02.PRC.005 | Тауарларға арналған декларациялар электрондық көшірмелерінің деректер қорынан бұған дейін ұсынылған мәліметтерге өзгерістерді алу | декларациялар электрондық көшірмелерінің деректер қорынан өзгертілген мәліметтер алуына арналған |
| P.EE.02.PRC.006 | Тауарларға арналған декларациялардағы мәліметтердің күшін жою туралы ақпарат алу | алушы кеден органының тауарларға арналған декларациялар электрондық көшірмелерінің деректер қорындағы мәліметтердің күшін жою туралы ақпарат алуына арналған |

V. Жалпы процестің ақпараттық объектілері

23. Жалпы процеске қатысушылардың арасындағы өзара іс-қимыл процесінде олар туралы немесе олардан мәліметтер берілетін ақпараттық объектілердің тізбесі 4-кестеде келтірілген.

4-кесте

Ақпараттық объектілердің тізбесі

| Кодтық белгіленуі | Атауы | Сипаттамасы |
|-------------------|---|--|
| 1 | 2 | 3 |
| P.EE.02.BEN.001 | тауарларға арналған декларациялардан мәліметтер | мүше мемлекеттің немесе үшінші елдің кеден органының ұлттық ақпараттық ресурсы |

VI. Жалпы процеске қатысушылардың жауапкершілігі

24. Ақпараттық өзара іс-қимылға қатысатын Комиссияның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің мәліметтерін берудің уақтылылығы мен толықтығын қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды сақтамағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тарту 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа, Одақтың құқығын құрайтын өзге де халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес, ал мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне қатысты – мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

VII. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштары


25. Ақпараттық өзара іс-қимыл процесінде пайдаланылатын ақпаратты кодтау үшін Үшінші тараппен жасалған халықаралық шарттарды іске асыру шеңберінде әзірленуі көзделген электрондық ақпарат алмасуды жүзеге асырудың техникалық шарттарында (бұдан әрі – Техникалық шарттар) айқындалған анықтамалықтар және (немесе) сыныптауыштар қолданылады.

VIII. Жалпы процесс рәсімдері

1. Тауарларға арналған декларациялардан мәліметтер ұсыну рәсімдері

"Тауарларға арналған декларациялар электрондық көшірмелерінің деректер қорынан мәліметтер ұсыну" (P.EE.02.PRC.001)

26. "Тауарларға арналған декларациялардың электрондық көшірмелерінің деректер қорынан мәліметтер ұсыну" (P.EE.02.PRC.001) рәсiмiн орындау схемасы 4-суретте көрсетiлген.



4-сурет. "Тауарларға арналған декларациялардың электрондық көшірмелерінің деректер қорынан мәліметтер ұсыну" (P.EE.02.PRC.001) рәсiмiн орындау схемасы

27. "Тауарларға арналған декларациялардың электрондық көшірмелерінің деректер қорынан мәліметтер ұсыну" (P.EE.02.PRC.001) рәсiмi экспорт кедендік рәсiмiне орналастырылған, үшінші ел межелі елі болып табылатын тауарлар туралы мәліметтерді қамтитын тауарларға арналған декларацияларға қатысты орындалады. "Тауарларға арналған декларациялардың электрондық көшірмелерінің деректер қорынан мәліметтер ұсыну" (P.EE.02.PRC.001) рәсiмi, егер тиісті техникалық шарттарда өзгеше шектеулер белгіленбесе, экспортталатын тауарлар шығарылғаннан кейін 4 сағаттан кешіктірмей орындалады.

Әуелі "Тауарларға арналған декларациядан мәліметтер ұсыну" (P.EE.02.OPR.001) операциясы орындалады, оның нәтижелері бойынша жөнелтуші кеден органы тауарларға арналған декларациядан мәліметтер қалыптастырады және оларды Комиссияның интеграциялық сегментіне ұсынады.

Комиссияның интеграциялық сегментіне тауарларға арналған декларациядан мәліметтер келіп түскен кезде "Тауарларға арналған декларациядан алынған мәліметтерді үшінші елдің кеден органына жіберу" (P.EE.02.OPR.010) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша тауарларға арналған декларациядан алынған мәліметтер үшінші елдің орталық кеден органына жіберіледі, сондай-ақ тауарларға арналған декларациядан ұсынылған мәліметтерді алу және үшінші елдің орталық кеден органында өңдеу нәтижелері туралы мәліметтерді қамтитын хабарлама Комиссияның интеграциялық сегментіне келіп түскен кезде оны жөнелтуші кеден органына жіберу орындалады.

Комиссияның интеграциялық сегментінен тауарларға арналған декларациядан ұсынылған мәліметтерді алу және үшінші елдің орталық кеден органында өңдеу нәтижелері туралы мәліметтерді қамтитын хабарлама келіп түскен кезде "Тауарларға арналған декларациядан алынған мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы қабылдап алу және өңдеу" (P.EE.02.OPR.003) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша "Тауарларға арналған декларациялардың электрондық көшірмелерінің деректер қорынан мәліметтер ұсыну" (P.EE.02.PRC.001) рәсімі аяқталады.

Комиссияның интеграциялық сегменті арқылы үшінші елдің орталық кеден органына жөнелтуші кеден органы ұсынған тауарларға арналған декларациялардан мәліметтер жіберу "Тауарларға арналған декларациялардың электрондық көшірмелерінің деректер қорынан мәліметтер ұсыну" (P.EE.02.PRC.001) рәсімін орындау нәтижелері болып табылады.

"Тауарларға арналған декларациялардың электрондық көшірмелерінің деректер қорынан мәліметтер ұсыну" (P.EE.02.PRC.001) рәсімінің шеңберінде орындалатын бизнес-процесс операцияларының тізбесі 5-кестеде келтірілген.

5-кесте

"Тауарларға арналған декларациялардың электрондық көшірмелерінің деректер қорынан мәліметтер ұсыну" (P.EE.02.PRC.001) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

| Кодтық белгіленуі | Атауы | Сипаттамасы |
|-------------------|--|---|
| 1 | 2 | 3 |
| P.EE.02.OPR.001 | Тауарларға арналған декларациядан мәліметтер ұсыну | осы Қағидалардың 6-кестесінде келтірілген |
| | Тауарларға арналған декларациядан алынған | |

| | | |
|-----------------|--|---|
| P.EE.02.OPR.010 | мәліметтерді үшінші елдің кеден органына жіберу | осы Қағидалардың 7-кестесінде келтірілген |
| P.EE.02.OPR.003 | Тауарларға арналған декларациядан алынған мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны қабылдау алу және өңдеу | осы Қағидалардың 8-кестесінде келтірілген |

6-кесте

"Тауарларға арналған декларациядан мәліметтер ұсыну" (P.EE.02.OPR.001) операциясының сипаттамасы

| P/c № | Элементтің белгіленуі | Сипаттамасы |
|-------|-------------------------|--|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Кодтық белгіленуі | P.EE.02.OPR.001 |
| 2 | Операцияның атауы | тауарларға арналған декларациядан мәліметтер ұсыну |
| 3 | Орындаушы | жөнелтуші кеден органы |
| 4 | Орындау шарттары | үшінші елге экспортталатын тауарлар шығарылғаннан кейін орындалады |
| 5 | Шектеулер | егер тиісті Техникалық шарттарда өзге шектеулер белгіленбесе, операция үшінші елге экспортталатын тауарлар шығарылғаннан кейін 4 сағаттан кешіктірмей орындалады |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерді қамтитын хабарламаны қалыптастырады және жібереді |
| 7 | Нәтижелері | тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерді қамтитын хабарлама қалыптастырылды және Комиссияның интеграциялық сегментіне жіберілді |

7-кесте

"Тауарларға арналған декларациядан алынған мәліметтерді үшінші елдің кеден органына жіберу" (P.EE.02.OPR.010) операциясының сипаттамасы

| P/c № | Элементтің белгіленуі | Сипаттамасы |
|-------|-----------------------|-------------|
| 1 | 2 | 3 |
| | | |

| | | |
|---|-------------------------|---|
| 1 | Кодтық белгіленуі | P.EE.02.OPR.010 |
| 2 | Операцияның атауы | тауарларға арналған декларациядан алынған мәліметтерді үшінші елдің кеден органына жіберу |
| 3 | Орындаушы | Үйлестіруші (операция Комиссияның интеграциялық сегментінде автоматты түрде орындалады) |
| 4 | Орындау шарттары | тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерді жөнелтуші кеден органынан алу кезінде орындалады |
| 5 | Шектеулер | операция тауарларға арналған декларациядағы мәліметтер алынғаннан кейін 15 минуттан кешіктірмей орындалады |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерді үшінші елдің орталық кеден органына жібереді. Комиссияның интеграциялық сегментіне тауарларға арналған декларациялардан ұсынылған мәліметтерді алу және үшінші елдің орталық кеден органында өңдеу нәтижелері туралы мәліметтерді қамтитын хабарлама (бұдан әрі – тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама) келіп түскен кезде Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес оны алуды және жөнелтуші кеден органына жіберуді қамтамасыз етеді |
| 7 | Нәтижелері | тауарларға арналған декларациялардан алынған мәліметтер үшінші елдің орталық кеден органына жіберілді; тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама жөнелтуші кеден органына жіберілді |

8-кесте


"Тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны қабылдап алу және өңдеу" (P.EE.02.OPR.003) операциясының сипаттамасы

| | | |
|--|--|--|
| | | |
|--|--|--|

| Р/с № | Элементтің белгіленуі | Сипаттамасы |
|-------|-------------------------|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Кодтық белгіленуі | Р.ЕЕ.02.ОПР.003 |
| 2 | Операцияның атауы | тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны қабылдап алу және өңдеу |
| 3 | Орындаушы | жөнелтуші кеден органы |
| 4 | Орындау шарттары | тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алу кезінде орындалады |
| 5 | Шектеулер | егер тиісті Техникалық шарттарда өзге шектеулер белгіленбесе, тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама алынғаннан кейін 15 минуттан кешіктірмей операцияны орындау басталады |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны қабылдап алуды және өңдеуді жүзеге асырады |
| 7 | Нәтижелері | тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама алынды және өңделді |

"Тауарларға арналған декларациялардың электрондық көшірмелерінің деректер қорынан бұған дейін ұсынылған мәліметтерге өзгерістер енгізу" (Р.ЕЕ.02.ПРС.002) рәсімі

28. "Тауарларға арналған декларациялардың электрондық көшірмелерінің деректер қорынан бұған дейін ұсынылған мәліметтерге өзгерістер енгізу" (Р.ЕЕ.02.ПРС.002) рәсімін орындау схемасы 5-суретте көрсетілген



5-сурет. "Тауарларға арналған декларациялардың электрондық көшірмелерінің деректер қорынан бұған дейін ұсынылған мәліметтерге өзгерістер енгізу" (P.EE.02.PRC.002) рәсімін орындау схемасы

29. "Тауарларға арналған декларациялардың электрондық көшірмелерінің деректер қорынан бұған дейін ұсынылған мәліметтерге өзгерістер енгізу" (P.EE.02.PRC.002) рәсімі "Тауарларға арналған декларациялардың электрондық көшірмелерінің деректер қорынан мәліметтер ұсыну" (P.EE.02.PRC.0012) рәсімін орындау шеңберінде бұған дейін үшінші елдің орталық кеден органына олардан мәліметтер ұсынылған және мәліметтеріне кейіннен өзгерістер енгізілген тауарларға арналған декларацияларға қатысты орындалады.

Әуелі "Тауарларға арналған декларациялардан өзгертілген мәліметтер ұсыну" (P.EE.02.OPR.004) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша жөнелтуші кеден органы тауарларға арналған декларациядан өзгертілген мәліметтер қалыптастырады және оларды Комиссияның интеграциялық сегментіне ұсынады.

Комиссияның интеграциялық сегментіне тауарларға арналған декларациялардан өзгертілген мәліметтер келіп түскен кезде "Тауарларға арналған декларациялардан өзгертілген мәліметтерді үшінші елдің кеден органына жіберу" (P.EE.02.OPR.011) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша көрсетілген мәліметтер үшінші елдің орталық кеден органына жіберіледі, сондай-ақ тауарларға арналған декларациялардан өзгертілген мәліметтерді үшінші елдің орталық кеден органында

өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны қамтитын хабар Комиссияның интеграциялық сегментіне келіп түскен кезде көрсетілген хабарды жөнелтуші кеден органына жіберу орындалады.

Тауарларға арналған декларациялардан өзгертілген мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабар Комиссияның интеграциялық сегментінен келіп түскен кезде "Тауарларға арналған декларациядан өзгертілген мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны қабылдау және өңдеу" (P.EE.02.OPR.006) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша "Тауарларға арналған декларациялардың электрондық көшірмелерінің деректер қорынан бұған дейін ұсынылған мәліметтерге өзгерістер енгізу" (P.EE.02.PRC.002) рәсімін орындау аяқталады.

Комиссияның интеграциялық сегменті арқылы үшінші елдің орталық кеден органына жөнелтуші кеден органы ұсынған тауарларға арналған декларациялардан өзгертілген мәліметтер жіберу "Тауарларға арналған декларациялардың электрондық көшірмелерінің деректер қорынан бұған дейін ұсынылған мәліметтерге өзгерістер енгізу" (P.EE.02.PRC.002) рәсімін орындау нәтижелері болып табылады.

"Тауарларға арналған декларациялардың электрондық көшірмелерінің деректер қорынан бұған дейін ұсынылған мәліметтерге өзгерістер енгізу" (P.EE.02.PRC.002) рәсімінің шеңберінде орындалатын бизнес-процесс операцияларының тізбесі 9-кестеде келтірілген.

9-кесте

"Тауарларға арналған декларациялардың электрондық көшірмелерінің деректер қорынан бұған дейін ұсынылған мәліметтерге өзгерістер енгізу" (P.EE.02.PRC.002) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

| Кодтық белгіленуі | Атауы | Сипаттамасы |
|-------------------|---|--|
| 1 | 2 | 3 |
| P.EE.02.OPR.004 | Тауарларға арналған декларациялардан өзгертілген мәліметтер ұсыну | осы Қағидалардың 10-кестесінде келтірілген |
| P.EE.02.OPR.011 | Тауарларға арналған декларациялардан өзгертілген мәліметтерді үшінші елдің кеден органына жіберу | осы Қағидалардың 11-кестесінде келтірілген |
| P.EE.02.OPR.006 | Тауарларға арналған декларациялардан өзгертілген мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны қабылдау және өңдеу | осы Қағидалардың 12-кестесінде келтірілген |

10-кесте

"Тауарларға арналған декларациялардан өзгертілген мәліметтер ұсыну" (P.EE.02.OPR.004) операциясының сипаттамасы

| P/c № | Элементтің белгіленуі | Сипаттамасы |
|-------|-------------------------|--|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Кодтық белгіленуі | P.EE.02.OPR.004 |
| 2 | Операцияның атауы | тауарларға арналған декларациялардан өзгертілген мәліметтер ұсыну |
| 3 | Орындаушы | жөнелтуші кеден органы |
| 4 | Орындау шарттары | "Тауарларға арналған декларациялар электрондық көшірмелерінің деректер қорынан мәліметтер ұсыну" (P.EE.02.PRC.001) рәсімін орындау шеңберінде бұған дейін үшінші елдің орталық кеден органына мәліметтері ұсынылған тауарларға арналған декларацияға өзгерістер енгізілгеннен кейін орындалады |
| 5 | Шектеулер | операция, егер тиісті Техникалық шарттарда өзге шектеулер белгіленбесе, тауарларға арналған декларацияға өзгерістер енгізілгеннен кейін 4 сағаттан кешіктірмей орындалады |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тауарларға арналған декларациядан өзгертілген мәліметтерді қамтитын хабар қалыптастырады және жібереді |
| 7 | Нәтижелері | тауарларға арналған декларациядан өзгертілген мәліметтерді қамтитын хабар қалыптастырылды және Комиссияның интеграциялық сегментіне жіберілді |

11-кесте

"Тауарларға арналған декларациялардан өзгертілген мәліметтерді үшінші елдің кеден органына жіберу" (P.EE.02.OPR.011) операциясының сипаттамасы

| P/c № | Элементтің белгіленуі | Сипаттамасы |
|-------|-----------------------|--|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Кодтық белгіленуі | P.EE.02.OPR.011 |
| | | тауарларға арналған декларациялардан өзгертілген |

| | | |
|---|-------------------------|--|
| 2 | Операцияның атауы | мәліметтерді үшінші елдің кеден органына жіберу |
| 3 | Орындаушы | Үйлестіруші (операция Комиссияның интеграциялық сегментінде автоматты түрде орындалады) |
| 4 | Орындау шарттары | тауарларға арналған декларациялардан өзгертілген мәліметтерді алу кезінде орындалады |
| 5 | Шектеулер | операцияны тауарларға арналған декларациялардан өзгертілген мәліметтер алынғаннан кейін 15 минуттан кешіктірмей орындау басталады |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы тауарларға арналған декларациядағы өзгертілген мәліметтерді үшінші елдің орталық кеден органына жібереді, Комиссияның интеграциялық сегментіне тауарларға арналған декларациядан өзгертілген мәліметтерді үшінші елдің орталық кеден органында өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны қамтитын хабар келіп түскен кезде Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес оны алуды және жөнелтуші кеден органына жіберуді қамтамасыз етеді |
| 7 | Нәтижелері | тауарларға арналған декларациядан өзгертілген мәліметтер үшінші елдің орталық кеден органына жіберілді, тауарларға арналған декларациядан өзгертілген мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама жөнелтуші кеден органына жіберілді |

12-кесте


"Тауарларға арналған декларациялардан өзгертілген мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны қабылдап алу және өңдеу" (P.EE.02.OPR.006) операциясының сипаттамасы

| Р/с № | Элементтің белгіленуі | Сипаттамасы |
|-------|-----------------------|--|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Кодтық белгіленуі | P.EE.02.OPR.006 |
| | | тауарларға арналған декларациялардан өзгертілген |

| | | |
|---|-------------------------|--|
| 2 | Операцияның атауы | мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны қабылдап алу және өңдеу |
| 3 | Орындаушы | жөнелтуші кеден органы |
| 4 | Орындау шарттары | тауарларға арналған декларациялардан өзгертілген мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алу кезінде орындалады |
| 5 | Шектеулер | операцияны орындау, егер тиісті Техникалық шарттарда өзге шектеулер белгіленбесе, тауарларға арналған декларациялардан өзгертілген мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама алынғаннан кейін 15 минуттан кешіктірмей басталады |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы осы Қағидаларға сәйкес тауарларға арналған декларациялардан өзгертілген мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны қабылдап алуды және өңдеуді жүзеге асырады |
| 7 | Нәтижелері | тауарларға арналған декларациялардан өзгертілген мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама алынды және өңделді |

"Тауарларға арналған декларациялардың электрондық көшірмелерінің деректер қорынан бұған дейін ұсынылған мәліметтердің күшін жою" (P.EE.02.PRC.003) рәсімі

30. "Тауарларға арналған декларациялардың электрондық көшірмелерінің деректер қорынан бұған дейін ұсынылған мәліметтердің күшін жою" (P.EE.02.PRC.003) рәсімін орындау схемасы 6-суретте көрсетілген.



6-сурет. "Тауарларға арналған декларациялардың электрондық көшірмелерінің деректер қорынан бұған дейін ұсынылған мәліметтердің күшін жою" (P.EE.02.PRC.003) рәсімін орындау схемасы

31. "Тауарларға арналған декларациялардың электрондық көшірмелерінің деректер қорынан бұған дейін ұсынылған мәліметтердің күшін жою" (P.EE.02.PRC.003) рәсімі "Тауарларға арналған декларациялардың электрондық көшірмелерінің деректер қорынан мәліметтер ұсыну" (P.EE.02.PRC.001) рәсімін орындау шеңберінде бұған дейін мәліметтері үшінші елдің орталық кеден органына ұсынылған және кеден органы оларға қатысты шығарудан кейін кері қайтаруға рұқсат еткен тауарларға арналған декларацияларға қатысты орындалады.

Әуелі "Тауарларға арналған декларациядағы мәліметтердің күшін жою туралы ақпарат ұсыну" операциясы орындалады, оның нәтижелері бойынша жөнелтуші кеден органы тауарларға арналған декларациялардан бұған дейін ұсынылған мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты қалыптастырады және оны Комиссияның интеграциялық сегментіне ұсынады.

Комиссияның интеграциялық сегментіне тауарларға арналған декларациялардан бұған дейін ұсынылған мәліметтердің күшін жою туралы ақпарат келіп түскен кезде "Тауарларға арналған декларациядағы мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты үшінші елдің кеден органына жіберу" (P.EE.02.OPR.012) операциясы орындалады,

оның нәтижелері бойынша тауарларға арналған декларациядағы бұған дейін ұсынылған мәліметтердің күшін жою туралы ақпарат үшінші елдің орталық кеден органына жіберіледі, сондай-ақ тауарларға арналған декларациядағы мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты үшінші елдің орталық кеден органында өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны қамтитын хабар Комиссияның интеграциялық сегментіне келіп түскен кезде көрсетілген хабарды жөнелтуші кеден органына жіберу орындалады.

Жөнелтуші кеден органына Комиссияның интеграциялық сегментінен тауарларға арналған декларациядағы мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны қамтитын хабар келіп түскен кезде "Тауарларға арналған декларациядағы мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны қабылдап алу және өңдеу" (P.EE.02.OPR.009) операциясы орындалады, оның нәтижелері бойынша "Тауарларға арналған декларациялардың электрондық көшірмелерінің деректер қорынан бұған дейін ұсынылған мәліметтердің күшін жою" (P.EE.02.PRC.003) рәсімі аяқталады.

Комиссияның интеграциялық сегменті арқылы үшінші елдің орталық кеден органына тауарларға арналған декларациядағы мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты жіберу "Тауарларға арналған декларациялардың электрондық көшірмелерінің деректер қорынан бұған дейін ұсынылған мәліметтердің күшін жою" (P.EE.02.PRC.003) рәсімін орындау нәтижелері болып табылады.

"Тауарларға арналған декларациялардың электрондық көшірмелерінің деректер қорынан бұған дейін ұсынылған мәліметтердің күшін жою" (P.EE.02.PRC.003) рәсімінің шеңберінде орындалатын бизнес-процесс операцияларының тізбесі 13-кестеде келтірілген.

13-кесте

"Тауарларға арналған декларациялардың электрондық көшірмелерінің деректер қорынан бұған дейін ұсынылған мәліметтердің күшін жою" (P.EE.02.PRC.003) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

| Кодтық белгіленуі | Атауы | Сипаттамасы |
|-------------------|--|--|
| 1 | 2 | 3 |
| P.EE.02.OPR.007 | Тауарларға арналған декларациядағы мәліметтердің күшін жою туралы ақпарат ұсыну | осы Қағидалардың 14-кестесінде келтірілген |
| P.EE.02.OPR.012 | Тауарларға арналған декларациядағы мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты үшінші елдің кеден органына жіберу | осы Қағидалардың 15-кестесінде келтірілген |
| P.EE.02.OPR.009 | Тауарларға арналған декларациядағы мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты өңдеу нәтижелері туралы | |

14-кесте

"Тауарларға арналған декларациядағы мәліметтердің күшін жою туралы ақпарат ұсыну" (P.EE.02.OPR.007) операциясының сипаттамасы

| P/c № | Элементтің белгіленуі | Сипаттамасы |
|-------|-------------------------|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Кодтық белгіленуі | P.EE.02.OPR.007 |
| 2 | Операцияның атауы | тауарларға арналған декларациядағы мәліметтердің күшін жою туралы ақпарат ұсыну |
| 3 | Орындаушы | жөнелтуші кеден органы |
| 4 | Орындау шарттары | "Тауарларға арналған декларациялар электрондық көшірмелерінің деректер қорынан мәліметтер ұсыну" (P.EE.02.PRC.001) рәсімін орындау шеңберінде бұған дейін үшінші елдің орталық кеден органына мәліметтері ұсынылған тауарларға арналған декларация кері қайтарылғаннан кейін орындалады |
